# БІЛІМГЕ ҰМТЫЛУ – ХАЛҚЫМЫЗҒА ТӘН ҚАСИЕТ

Бүгін біз Қазақстан тарихындағы жаңа бірегей кезеңнің туындағанына куә болып отырмыз. Қазақстанның тұңғыш Президенті жариялаған жаңғырту үдерісінің бірегейлігі бір уақытта үш бағыт бойынша жүзеге асырылуында атап айтқанда, экономиканы жаңғырту, саяси жаңғыру және қоғамдық сананы жаңғырту. Бұның ішінде үшінші бағыт ең күрделі және кешенді болып табылады, өйткені, қазақстандықтардың алдында қоғамдық сананы жаңғырту сияқты түбегейлі міндеттер бұған дейін тұрған емес.

Қазіргі кезде білімділік өзекті ұлт басымдықтары қатарында болуы тиіс және білімділік қоғамдық сананы жаңғырту құндылықтар жүйесінде басты орында болатын ұлт алдыңғы қатарлы жетістіктерге жететіні айқын.

Осыған орай, «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» кафедрасында жаңа білімді қалыптастыру

*"Рухани жаңғыру" - болашаққа көзқарас" бағдарламалық мақалада әрбір қазақстандық үшін білім - болашақ жетістіктің ең іргелі факторы және жастардың басымдылықтар жүйесінде білім бірінші орында болуы тиіс екені айтылған.*

және ерекше зияткерлік орта құруға негіз болатын білім беру бағдарламаларын жаңарту, жаңа оқу бағдарламалары мен курстарын әзірлеу бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіліп жатқанын айтқымыз келіп отыр. Кафедраның әрбір мүшесі ортақ іске саналы түрде өз үлесін қосып келеді, соның негізінде рухани жаңғыртуға бағытталған игі бастамалар ұжымдық түрде жүзеге асырылуда. Ал бұл өз кезегінде, жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып, білім алушылардың практикалық дағдыларын дамыту үшін қажетті құзыреттіліктерді әзірлеу мәселелерінде саналы өзгерістерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Ақпараттық-коммуникативті технологиялардың қарқынды өсуі мен дамуы қоғамдық сананы жаңғыртуға ықпал етеді, бұл оқытудың құндылықтары мен басымдықтарына, тақырыптары мен форматтарына әсер етеді. Кафедраның бірқатар жетекші оқытушылары электронды оқыту технологиясын қолдану және Интернет арқылы ашық қолжетімді жаппай интерактивті оқыту курстарын құру бойынша жұмыс атқаруда.

Студенттерді даярлаудың неғұрлым жоғары деңгейіне көшу және оларды жаһандық бәсекелестікке дайындау қуатты ғылыми әлеуетсіз мүмкін емес. "Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау" кафедрасының ұжымы тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау, этикалық, құқықтық, дене мәдениеті мен ойлау мәдениетін қалыптастыру, кәсіби пәндерді игеру үшін, қажетті базалық білімді қалыптастыру, экологиялық және техникалық құжаттарды, кәсіпорындар мен ұйымдардың жобаларын, бағдарламаларды дайындауды игеру, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде адамды қорғау бойынша кәсіби қызметтің барлық аспектілерін меңгеру мәселелері бойынша ғылыми сипаттағы міндеттерді жүзеге асыру үшін барынша күш жұмсап келеді.

Бағдарламалық мақалада атап өтілгендей, еліміздің жаңа болашағын құратын жас ұрпаққа үлкен үміт артылады. "Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау" кафедрасы жастардың құндылықтар санасында жаңа бағдарлар құруды басты міндет ретінде қарастырады. Кафедраның тәрбие үдерісінде "Туған жер", мемлекеттік тілдің латын әліпбиіне көшуі, "Қазақстанның киелі географиясы", "Жаһандық әлемдегі қазіргі қазақстандық мәдениет" және "Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы" жобаларын қарастыру және талқылау арқылы патриоттық рух пен рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастырудың жаңа міндеттері іске асырылуда.

Қоғамдық сананы жаңғырту - бұл маңызды және терең мәні бар күрделі үдеріс. "Рухани жаңғыру" – болашаққа көзқарас" бағдарламалық мақала бүкіл елдің жаңа сапалық деңгейге жетуге негіз болатын идеялық платформа болып табылады.

**С.ДОСЫБЕКОВ,**
*М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың оқытушысы, доцент*